


1 2005
58 36

Мақалалар
әсследелер
публицистикалық
толғамда



Иерхан
Чұртаза

АҚЫҢДАР
МЕНІ
ӘКІМДЕР

Шерхан МҰРТАЗА

АҚЫНДАР
МЕН
ӘКІМДЕР

*Мақалалар, эсселер,
публицистикалық толғамдар*

“Елорда”
Астана - 2002

ББК 84 Қаз 7-4

М 824

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АКПЛАРAT ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Ш. Мұртаза

Ақындар мен әкімдер. Мақалалар, эсселер, публицистикалық толғамдар. (Күраст. Қ. Назырбаев).
М 82 Астана: Елорда, 2002.- 808 бет. + 1,5 б.т. жапсырма.

ISBN 9965-06-149-1

Әр шығарманың дүниеге келу тарихы, өзіндік өмірбаяны болады. Белгілі жазушы әрі публицист Шерхан Мұртазаның бұл жаңа туындысы осындай соқпақты жолдан өткен дүние. Автордың әр жылдары жазған жүреюжарды мақалалары, эсселері, публицистикалық толғамдары түгелдей дерлік осы жинақта топтастырылған. Шерағаңың ұлттымыздың әдебиеті және мәдениеті тарихында терен із қалдырган ұлы тұлғалар жөнінде жазған сырлы әңгімелері мен тәуелсіздік тұсындағы өзекіжарды ойлары оқырманға ерекше әсер қалдырары күмәнсіз.

Кітап: “Ақындар”, “Әкімдер”, “Елім саған айтам, Елбасы, сен де тында!” және “Тәуелсіздік толғактары” атты төрт бөлімнен тұрады.

4702250201-156
M ——————
450 (05)-02

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-06-149-1

© Ш. Мұртаза, 2002.



АВТОРДАН

Бұл кітап — қурақ көрпеше сияқты. Менің анам Айша шебер тігінші еді. Баяғы бай бабадаң қалған “Zinger” машинасымен бүкіл ауылдың киім-кешегін осы Айша тігетін Сонда әр түрлі мемалардан қалған қызықтарды құрастырып, мақталап, түрлі-түсті әп-әдемі көрпешелер жасаітын Мына кітап, “әп-әдемі” болмаса да, сондай қызындылардан құралған Әр кезде жазылған публицистикалық мақалалар, очерктер, қысқа-қысқа сөздер. Бірақ бәрі де әр жылдан елес беретін, заман лебін сездіретің, бәлкім, әлі де әжетке жарайтын жазбалар.

Өзіңнің көзіңнің тірісінде жинастырып, басын біріктіріп қоймасаң, кейін кім оны мұрагаттан ізден жүрер дейсің. Не десе де еңбек қой. Кейінгілер: “осындаиды да заман откен екен гой” деп кітаптың бетін параласа болғаны.



ТЕМІРҚАЗЫҚ ТҰЛҒА

(*Эссе*)

*Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе гой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат.*

АБАЙ

Әлемде әр халықтың ұлттық мактандынына айналған перзенттері болады. Жүздеген жыл, бірнеше ғасырлар өтседе талантты, бір тума азаматтарын елі ешқашан ұмытқан емес.

Неміс халқы — Гетеңің, ағылшындар — Шекспирін, орыстар Пушкині мен Толстойның, қазақтар Абай, Әуезов пен Момышұлын ұдайы қастерлеп, ұлағатты сөздерін үрпақтан үрпаққа жеткізіп келе жатыр. Сондай-сондай ұлы есімдердің арқасында ұлттың бар бітім-болмысы, жан дүниесін басқа халықтарға да таныла бастайды. Бүгінде де туған елі қадірлеп, өзінің ұлы ұлдарының санатына жатқызатын жандар баршылық.

Қазақ жұрттының қай түкпірінде болмасын есімін ерекше құрметтеп, айтылған қанатты сөздерін қағып алып, ел арасына таратып, көптеген ақын-жазушылар, жазбагерлер үстаз санайтын Шерхан Мұртаза туралы сыр ашқан ғанибет көрінеді маған.

Иә, Шерағаң жайында жазылған мақалалар, очерктер мен эсселер аз емес. Солардың ішінде атақты ақын Фариза Оңғарсынованың ыстық лебізі алды орап, ойға түседі: “Суреткер ретінде де, Азамат ретінде де адалдық,

бауырмалдық, жығылып жатқанға жанашырлайқ секілді о бастағы адами қасиеттерінен танбай, тасып тасқындағамай немесе сарқылып суалмай, өз-өзінен оқшауланбай, шындықтың соқпағы тағдырлас болмысымен келе жатқан Шерхан ағамыз бүгінгі таңдағы іші де, сырты да қырық құбылып жатқан заманда менің көзіме сонау ертеде, қазакты қазақ атандырған дәүірде туып, қазіргі қазақтарға үлгі етер тұлға болып көрінеді.

Өмірдің сәттері көп жанды азаптар,
Өнегем аздау үрпактарға мақтар.
Сонда да шүкір деймін қалғанына,
Даламда қадау-қадау нар қазақтар.
Манайға жуықтатпай жай қараны,
Тірексіз отты жасты қайрап әлі.
Сіз де бір-алтын қазық. Ол қазыққа
Қанатты арғымақтар байланады.
Тұғанда даламызға жаңарап шақ,
Сізге сын, біз тутіндең шала жансақ.
Елдіктің Сіз көтерген шаңырағына
Арман не бір уық бол қадала алсақ!..

Фариза әпкеміз жастардың Шерхан ағаға деген терен сүйіспеншілігін дәл жеткізгендей.

Осындайда ойға оралады. 1992 жылы Шерағаның мерейтойы қашан болар екен деп күтіп жүргеміз. “Ел құлағы елу” — несін айтасың, Шерхан аға үлкен той өткізуғе қарсы болып жатыр деп естілді. Бірақ, Жуалыдан, Жамбыл қаласынан және іргелес Түлкібас ауданынан ұсыныстар түсіп, халық атынан ардагер жазушының мерейтойын өткізу туралы ел басқарып жүрген азаматтар бастама көтеріпті.

Шынында да, Шерағаның алпыс жылдық мерекесі елдің өзінің ынта-тілегімен үйымдастырылған жиын болды. Дүрілдеген той Жамбыл облысы Жуалы жазығында қыркүйектің кемпіршүағында болып өтті. Онтүстік өлкесінен баратындардың құрамына мені де кіргізген екен. Шым-

кент шаһарындағы айтулы сазгер, дос Сұғірәлі Сапаралиевке (Шерхан аға оны Сұғір сері деп атайды) ағаның туған күніне тарту ету үшін мен өлең жазайын, сен соған ән шығарып бср деп өтініш айттылды. Ол келісімін берген соң тойға бірге баратын болып шешілді. Қырқүйек айының соңына таман Оңтүстік делегациясы Жуалыға жол тартты. Жамбыл облысы мерейтойға жан-жақты жақсы дайындалыпты. Бірінен бірі өтетін ақшаңқан киіз үйлер қаз қатар тігіліпті. Салтанат өтетін жерде мінбер, әшекейлі сахна, бес жұзге тарта орындықтар қойылышты. Шерхан ағаны салтанатты жиналышқа алып келетін үш ақбоз ат жегілген керемет күйме дайындалыпты. Оның ішіндегі перде ұлттық өрнектермен безендіріліпті. Бұрын ондай пәуескелер француз фильмдерінде ғана болатын еді. Тойханаға келген жұрт оны да қызықташ көріп жатты. Бұл көл-көсір ұлы тойдың үйтқысы сол кездегі Жамбыл облысының әкімі Әмірбек Бәйгелді (қазір Парламентте Сенат Төрағасының орынбасары). Облыстың иненің көзінен өткендей жігіттері бағдарлама бойынша меймандардың қамында жүр.

Көптен күткен салтанатты жиналыш та ашылды-ау. Келген қонақтардың көбі сахна төріне шығыпты. Қазақ даласының барлық өнірінен марқасқалар жиналышты. Облыс әкімі Әмірбек Бәйгелді қысқаша толғап, туған ел-жұртына Тұrap Рысқұлов туралы бірнеше кітап беріп, “Қара маржан” романын жазып, “Сталинге хат”, “Бессеудің хаты” тәрізді қасірет наманы туғызған суреткердің шығармашылығына тоқталып, келесі сөз кезегін Қазақ Республикасы Премьер-министрің орынбасары Мырзатай Жолдасбековке ұсынды.

“Ардакты ағайын! Шерхан Мұртазадай дарабоз да-рынды туғызған қазақ бақытты халық, — деді ол томағасын сыпырған қырандай күй кешіп. Оның өмірі мен өнері қаһармандық пен ерлікке толы. Тоқыраудың көбесі сөгілмей тұрған тұста біреулер оның жанын жеп, “Неопон-тұрікші” деп, ал, біреулер “Рысқұловшылдықты қайта тірілтуші” деген сияқты тұрлі-тұрлі жала жауып,

аяқ-қолына тұсау салғысы келсе де қаймықпай, “Қызыл жебе”, “Жұлдызды көпір”, “Тамүк” романдарын аяқтады. Олар әдебиеттің айбыны мен айданына айналды.

Қандай қыын кезде де креслосын құйттемегені үшін Шерағанды Ер-ага деуге де болады, парламенттегі берік позициясы, сөз атасын өлтірмейтін, ешкімге есесін жібермейтін кесек мінезі, кеңінен өлшеп-пішетін кемел ақылы үшін Ел ағасы деуге де болады.

Шерхан Мұртаза сынды азаматтар — исі қазақтың ортақ перзенті”.

Дүрілдете қол соққан көпшіліктің ортасында осындағы халқымыздың Шерхан Мұртазадай біртуар перзенті бар екеніне мен де қатты толқып тебірсніп тұрдым. Ішімнен шүкіршілік еттім.

Мерейтой иесін құттықтауға Оңтүстік Қазақстан әкімі, техника ғылымдарының докторы Марс Фазылұлы Үркімбаев мінбеге көтерілді. Біз, Сүгірәлі екеумізді сахнаға шақыра ма деп аңтарылып тұрганымызда, тойға әкелген тарту-таралғымыз, Шерхан ағаға арналған өнді айту үшін ортаға шақырды. Сазгер қобызға қосылып, шығарманы құйқылжытып айтып берді.

Жуалының пырағы,
Еркін елдің шырағы.
Маржан сөздер халқына
Жүргегінен шығады.
Таудай биік арманың,
Өмірге тән талғамың.
Көтересің Тұрадай
Ел жүгінің салмағын, —

деп бабына келген коңыр дауыс шырқағанда Қаратай мен Алатау атырабы бейне бір ән салып тұргандай еді. Жуалы топырағы да бұндай той үстінде бір сілкініп қалған шығар. Тілек білдірушілердің көзінде куаныш жасы тұргандай. Сүгір сері екеуміздің кәдімгідей марқайып қалғанымыз көнілге медеу болғандай. Қашанғыдай салтанат арты

облыстың көркемөнерпаздары дайындаған үлкен концернке ұласты. Қөнілді қонақтардың көніл құйіндсій киіз үйлердің тұндіктері де желпілдеп тұргандай. Дастарқан мәзірі жайылды...

Зырлап өтіп жатқан уақыт-ай. 1999 жылы Шераға Жамбыл облысынан Парламент Мәжілісіне депутат болып сайланды. Бұрында да халық қалаулысы болған құдіретті қаламгерге бұл кездейсоқ емес болатын. Бәріміз Пушкин көшесіндегі Депутаттар үйінде тұрамыз. Көбінесе Парламент жұмысы үстінде ұшырасамыз. Шераға сәлемнен соң бұрыннан таныс адамдарының қолын қысып, ұзак босатпай тұрады. Бәлкім, шымырлыққа шыдамдылықты байқағысы келетін шығар. Кейде Грек-Рим күресінен әдіс көрсетіп, тосыннан жұлқа итеріп жыға жаздайды. Кейбірде інілері қатар келіп амандасса, бауырына тартып құшактап, бастарын бастарына тиістіріп, жіберіңіз аға дегенше табжылтпай ұстап тұрады. Оны кейбіреулер түсінбей қалатындағы. Жастайынан шарболаттай шындалған Шераған қол қысып, белдесіп, мен үндемеген соң басқаларға да сол сирмінез қылышын көрсететіндей. Түсінбеуге қоймайды. Бұл буын саят өнерінің шет жағасын көріп қалған емес пе? Мүмкін, сондайды аңсайтын болар аға. Сол алғашқы әдемі әсерді ол кең құлашты “Ай мен Айша” романында айна қатесіз жеткізеді:

“Пайғамбар жасына жақындаsam да кейде менің бала болып кеткім келеді. Өзім құралпы, өзімнен кіші, көнілі жақын жандармен алысып-жұлысып, күресіп, белдесіп ойнағым келеді. Кейде тіпті ауылға барғанда кішкентай балалармен кәдімгідей асыққа таласқым да кеп кетеді. Жатып алып ойласам: Мұның бәрі өмір заңының бұзылуынан болу керек. Егер балалық дәуренің шала болса, ол жетіспей қалған сыбағанды кейін есейгенде аңсап тұрасын. Ал, жалпы қай жаста болсан да кей-кейде бала болып, балалық шаққа оралғанның ерсілігі жоқ па деймін.

Сәби шағын мүлде ұмытып кеткендер, артына бұрылышпір бір қарамағандар — тегін білмес топас деп қаламын. Олар туған анасын да, Отанын да тез ұмытып кететін опасыздар сияқтанады да тұрады”.

“Қазақ өдебиистінде” жүргенде “Қожанасыр қоржыны”, “Егемн Қазақстанда” “Мұйіттұмсықты” шығарған Шераға қалжыңың қадір-қасиетін бір адамдай түсінеді. Әсіресс, оның достарымен әзіл-оспағы қайран қалдырады. Белгілі қоғам қайраткері, ғалым-депутат Қаратай Тұрысов Шәкеңмен Жамбыл қаласында интернатта бірге оқыпты. Парламенттің екінші сайланған депутаттарының бірінші отырысында Қаратай аға қайтадан Қаржы және бюджет жөніндегі комитеттің төрағалығына сайланды. Шераға лезде досына қағытып өлең жолдағаны ауыздан ауызға тарағ кетті.

Қареке! Қайта міндің ақбоз атқа,
Доллар мен теңге еліне болдың датқа.
Интернатта бірге оскен досым едің,
Оң козіңмен қарап жүр біздің жаққа.

Сөз көтеретін замандасты қойсайшы. Тағы бірде Шерага Қарекенің кабинетіне барады. Комитет Төрағасының алдында неше түрлі-түсті қаламдар жатыр екен. Қарекен өзі темекі шегіп, телефонмен әуре болып кетіпті. Алдымен жазушы көзіне қалам-қағаз ілінеді емес пе? Қаламдарға қатты қызыққан Шераға бір-екеуін ала бергенде, Қарекен сөзін кілт үзіп, орысшалап:

— Положи на стол, — дейді де хатшы қызды шақырып алыш, Шерағаның кабинетіне де қаламдар апарып қоюын өтінеді. Шераған бұртиып:

Құттықтадым, сенің әрбір қадамынды,
Бұл күнде сансыраған далам мұнды.
Тәбәрік деп қалтама салып едім,
Зілденіп тартып алдың қаламынды,

— деп шығып кетеді. Қарекенің тапсырма алған хатшы қызы қаламдарды алыш үкідей ұша жөнелсі. Бірақ, жіберілген қаламға көңілі толмай Шераға табанда шабытқа срік береді:

Асыққанда мінеді ұшаққа адам,
Жақсы жанды көргенде құшакқа алам.
Кішкентайдан бірге оскен досым едің,
Жібергенің маған деп үш-ақ қалам.

Енді Қарекең күліп, езу тартпағанда қайтеді? Тұрғыласы болған соң ба, сыр суыртпақтағанда Қарекең де жа-лықпайды.

— Қызық, осы Шерханның күлшелі бала сүйменді болып тұратыны қаршадайынан байқалып тұратын. Бұдан аттай 53-54 жыл бүрын ылғи ауылдан келген балалар интернаттың бір бөлмесінде тұрып жаттық. Әлде біздің момындығымызды пайдалана ма, қала балалары тыныштық бермейді: кітаптарымыз бен заттарымызға дейін тартып алып, әлімжеттік жасайды. Ересегіміз Шерхан болатын. Алғаш біздің ішімізден бірінші болып жекпе-жекке шығатын. Әлсіздік танытса да бір адамды жабылып ұрып-согу жок. Кішкентайынан еңбекке араласып өскен соң ба, Шерхан өте қайратты еді. Талай кеудемсоқ пысықтардың мысын басатын. Бірте-бірте жағдайымыз жақсара бастады. Содан кейін интернат оқушыларына ешкім тиіспейтін болды. Сыртынан Шерханды “атаман” дейміз де бетіне қарсы келмейміз. Не істесе де, бәйек болып, оған сөз келтірмейміз.

— Не істеуші еді?! — деп сұраймын қадалып.

— Ол кезде “Атаман” атанған бала өзгелерден ерекшеленеу болады. Темекі тартса да, қыздарға қырындаса да оған шық жуытпауымыз керек. Интернат директоры Уәлихан Мұхамеджанов тым қатал кісі болатын. Әсіресе, бөлмеге кіргенде темекі исін сезсе киімшеш ыртқа айдал шығатын. Жаздың күні ешнәрсе емес, ал, қыстың қақаған аязында қатты әбіржиміз. Суыққа тұрғызып қойып, шылымды кім шеккенін анықтауга кірісетін. Біз қанша тоңсақ та атаманымызды сөз жуытпаймыз. Шерхан болса біздің бәріміздің бекерге күйіп тұрғанымызды сезінеді де:

— Мен едім, — деп қасқайып алға шығады.

Директор бізді босатып, Шерханды қосымша тәрбиеууге алып қалады.

Енді болса ғой, сол Шерхан шылым шекпейді, мен болсам бұрқыратудан кенде емеспін, — дейді Қарсекең қуақыланып.

Заман құрдас шыгар, депутаттардың барлығы Қарсекең ағамызды қатты сыйлайды. Анда-санда қонақта бірге болған кездерімізде жеңгемізбен қалай танысқанын да сүрап қоямыз қалжыңға басып.

— Осы Әскергүл жеңгелеріңмен танысқан кезде талшыбықтай бұралған нәзік еді. Бір көргеннен көңілім құлады. Кездесуге келгенше жүрек құрғып алып-ұшып тұратын. Мына бір ақынның өлеңі тұра Әскеркүлге арналғандай өзі:

Жаным, неткен талшыбықтай нәзік ең,
Тұла бойың жарапған ба сезімнен?
Жалын атқан бір ұшқынды байқадым
Қарақаттай мөлдіреген козіңнен.
Жүрек жанып, есім ауып қиналдым,
Тілдесуге желеу таппай өзіңмен, —

деп аға да бізге қарап жыныш қояды. Сол кезде біздердің де жас кезіміз, махабbat көктемі еске түсіп, айлы түндердегі ақ қайындар еске түседі. Жас жұбайлар болғанымыз ойға оралады...

Шерхан ағамен бір үйде тұрганмен есігіміз бөлек-бөлек. Біраз күн қол тимей хабарласа алмадым. Кешкүрым үйде отыр едім телефон безілдей бастады. Шерагаңың даусын тани кеттім. Амандастып бола салысымен аға:

— Куаныш, мен саған өлең шығарып қойдым. Тыңдағың, — деді де магнитофонды қости:

Сипатқызбай сауырың,
Жылжып уақыт өтті ғой.
Аманбысың, бауырым,
Хабарласпай кеттің ғой, —

деген жақсы өн сстілді. Алайда, мен ағаның Қадыр Әлімқұловтың әнін қайтадан құлаққа құйып тұрганын түсіндім. Жасым кіші бола тұра үш-төрт күн хабарласпай кеткенімді еске салып тұр. Ертеңіне Күләш (жұбайым) екеуміз барып арнайы сәлем бердік...

Арқаның тұмауы оңай ма? Арада үш-төрт ай өткен кезде екі-үш күн жатып қалдым. Әлде естімей қалды ма, Шерхан аға хабарласқан жоқ. Үйге қонырау шалып едім, Ақбілек женгей (Шерханның жұбайы, Кенен Әзірбаев ағамындың қызы) көтеріп:

— Ағаң жаяулап жұмысқа кетіп қалған, — деді. Жалмажан қолға қағаз түсті:

Тұrap, Бауыржан інісі,
Өмірдегі тектісіз,
Ел қамын ойламағанға
Қatalысız әрі кектісіз.
Парламентке жаяулап
Кеп тұрады кеткініз.
Жұмысыныз көп шығар,
Хабарласпай кеттініз.

Шераға оқып шығып, сезімталдығын тағы да байқатты:

— Інісін іздең ағасының қайта-қайта қонырау шала беруі ыңғайсыздау болады екен, өзің кебірек хабарласып тұрсаиши, — деді. Онсыз да ағаның Парламенттегі әрбір айтылған сөздері көп ой салып жур. Ол жетпіс атты жотаға көтеріліп бара жатса да өлі ширақ. Бильярд ойнаған кездерінде жас інілерінен асып тұспессе кем сокпайды ешқашан. Өзі айтушы еді: Алпыс — талтұс, жетпіске аяқ артқанда сол да сөз болып па? Шоқтықты шығармалар елге ұсынылып тұрганға, дариға, дүние не жетеді. Терендіктерді теңіз тербесе, биіктіктер асқарлармен өлшенеді. Құдай қуат берген аға алдында шығармашылық шындар тұр өлі. Ол — Шерхан шыны!..

Куаныш ТӨЛЕМЕТОВ.

Бірінші бөлім

АҚЫНДАР

Кітап жиган қазақтың жиһазы Абайсыз болмас, Абайы болмаса ол қазақ емес, жалты ондайды саналы адам деу қын. Торінде Абайдың кітабы түрган үйдің сөулесі де молырақ. Абай кітабынан ерекше сөуле шашырап тұрады.

Сол сияқты Абайдың кітабы үйінде тұру бір басқа да, оның шапагатына шомылу бір басқа.

Оны оку бар да, түсіну бар. “Абайды танып болдық па?” деп газет бекер жазбайды. Абайды коп қазақ оқиды, түсініп оқитындар да аз емес болар. Ал түсінгенін бойына, мінезіне, адамгершілігіне дарытып жүргендер коп пе? Міне, бұл ойлайтын мәселе. Егер әркім Абай арқылы ақылына ақыл қосса; коз нұрына нұр қосылса; сезімін байыта түссе; жан дүниесін, рухани әлемін раҳымдандыра берсе — шіркін, онда арамызда арамдық, арызқойлық, қызғаныш, тәкаппар тақастық, отірік-осек, жалақорлық, тагы не бар — барлық жағымсыз қылыш арамыздан әрқашан аласталар еді”.

14-бет.

АБАЙ СӘУЛЕСІ

(Семейдегі Абай күндері)

Қазіргі кезде сауатсыз қазақ жоқ. Сауаттымын деген әрбір саналы адам кітап оқиды. Сондықтан әр үйде кітап болады. “Кітапсыз үй — жансыз тән сияқты” депті Цицерон. “Кітап — жасқа ақыл, көрігे қуат береді, бақытқа бақыт қосады, бақытсызыға медет болады” депті тағы да сол Цицерон.

Кітап жиған қазақтың жиһазы Абайсыз болмас, Абайы болмаса ол қазақ емес, жалпы ондайды саналы адам деу қыын. Төрінде Абайдың кітабы тұрған үйдің сәулесі де молырақ. Абай кітабынан ерекше сәуле шашырап тұрады.

Жан-жануар, адамзат, жалпы табиғат күн сәулесінен қуат алады. Олар сол арқылы тірі. Ал бірақ сол шындық екенін ақылмен ұқса да, көбінесе менің тірі жүргенім күн сәулесі-ау, деп ойланған бермейді. Ол — үйреншікті нәрсе. Ауасыз бірер минуттан кейін әркім-ақ өліп қалады. Ал бірақ ауаға сиынып жүрген кім бар? Өйткені, үйреншікті.

Сол сияқты Абайдың кітабы үйінде тұруы бір басқа да, оның шатағына шомылу бір басқа.

Оны оқу бар да, түсіну бар. “Абайды танып болдық па?” деп газет бекер жазбайды. Абайды көп қазақ оқиды, түсініп оқитындар да аз емес болар. Ал сол түсінгенін бойына, мінезіне, адамгершілігіне дарытып жүргендер көп пе? Міне, бұл — ойлайтын мәселе. Егер әркім Абай арқылы ақылына ақыл қосса; көз нұрына нұр қосылса; сезімін байыта түссе; жан дуниесін, рухани әлемін раҳымдандыра берсе — шіркін, онда арамызда арамдық, арыз-қойлық, қызғаныш, тәкаппар-тақастық, өтірік-өсек, жалаңкорлық, тағы не бар — барлық жағымсыз қылық арамыздан әрқашан аласталар еді...

Осы ойлармен біз, бір топ қазақ ақын-жазушылары Абайдың Семейіне келіп түстік. Семейде поэзияның Абай күндері басталып еді. Абайдың туғанына 140 жыл толған екен.

* * *

Семейде поэзияның Абай күндері басталды. Облыстық саяси оқу үйінің мың кісілік залына қала жұртшылығы, партия, совет ұйымдарының өкілдері, әдебиет пен өнер қайраткерлері, Алматыдан, Қазаннан келген меймандар жиналды.

Абайдың 140 жылдығына байланысты салтанатты жиналысты Семей облыстық атқару комитетінің төрағасы А.С. Ерменко ашты.

Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Сағидолла Құбашев Алматыдан, Қазаннан келген қонақтарды құттықтап, оларға зор денсаулық, шығармашылық мол табыстар тіледі.

— Биыл елімізде Пушкин, Лермонтовқа арналып поэзиялық мерекелер өткені мәлім, — деді С. Құбашев.

— Сол игі дәстүрдің жақсы жалғасы ретінде, міне, Абай күндері де басталды. Абай кемеңгерлік ақылымен, ерен еңбегімен және табиғи таланттымен өзін ағартушы ақын ретінде паш етіп, әлемдік поэзия алыштарының қатарына қосылды. Абай ақын ғана емес, сонымен бірге философ, қоғамдық ойшыл, халық мұддесінің жоқтаушысы болды.

Қазақ халқының таңдаулы өкілдері сан ғасырлар бойы өз елін әлеуметтік-экономикалық прогресске бастайтын жол ұлы орыс халқымен достықта, бірліктеп деп білді. Осындай озық ойлы революциялық идеялар жаршыларының бірі қазақтың ұлы ағартушысы Абай болды. Оның қоғамдық ағартушылық көзқарастары алдыңғы қатарлы орыс мәдениетінің ықпалымен қалыптасты. Абайдың шын мәніндегі халықтық, адамға деген сүйіспеншілікке толы шығармалары совет әдебиетінің алтын қосылды.

Бұл өзгерісті ұлы Абайдың отаны — біздің облысымыздан да айқын көруге болады. Бүгінгі Семей өнірі — республиканың ірі индустримальық-аграрлық ауданы.

Ертіс өнірі таланттарға бай. Семейліктер өз жерлесі, көп ұлтты совет әдебиетінің классигі, академик Мұхтар Омарханұлы Әуезовті мақтан етеді. Семейде орыс және казақ халықтарының екі ұлы перзенті Федор Михайлович Достоевский мен Шоқан Уәлихановтың достығы дүниеге келді. Мұнда әр жылдары белгілі совет жазушылары мен ақындары Всеволод Иванов, Иса Байзақов, Леонид Мартынов, Сәбит Дөнентаев, Николай Анов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Анатолий Иванов және басқалары тұрып, еңбек етті. Қазір мұнда Қазақстан Жазушылар одағының облыстық бөлімшесі жұмыс істейді.

Салтанатты жиналышта Семей халқы алдында Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Алматыдан барған делегацияның жетекшісі, ақын Тұманбай Молдағалиев сөйлемді:

— Соншама көп батыр, ақын, шешен туған елден Абайдың тууы зандалық сияқты. Қазақ жерінің ақыны көп болғанымен Абайы біреу-ак. Абайсыз ешкімнің алдындағын деп айтпас едім мен. Абайым барда дүниеде қай халықпен де терезем тең дөп ойлаймын.

Күнді қалай сүйсем, Абайды солай сүйем. Сол махаббатымды осынау ұлы жерге сыйлаудың өзін өзіме мәртебе, бақ көремін. Ақындық атағым зор да емес, пәс те емес. Бірақ өзімді Абай бастаған әскер қатарында сезінуімнің өзінен қуаныш табамын. Абайдың соңына ерген қатардағы жауынгер болып өтсем бар өмірімс жетіп жатыр.

Күн келбетті Абай бейнесі дүниедегі қазақ көкірегін жылыта берсін. Абай сәулесіне жылынған адам жаман болмайды, жаманшылыш та көрмейді. Ол күн сәулесі мол түсетін жерде өскен жеміс ағашында жапырақ жайып гүлдей береді. Абайы бар елдің мерейі үстем.

Кейде маған Абайдың өкесі қазак деген құдіретті біреу дс, анасы өзіміздің кең дала сияқты болып елстейді. Өйткені, Абай құдірет, қарапайым адамнан гөрі басқа бір жақтан, гарыштан ба, алыстан ба, әйтеуір бір дүниенің көңілді бір сөтінде Ұлжан апанаң өтегіне көктен түсे қалғандай болады да тұрады. Абай — қазақтың бар жерінде де туып, бар жерінің туын ұстап тұрган кеменгср. Абай бүгін бұрынғыдан да керегірек сияқты. Ол — қазағына ертең де, бұрсұғіні де керек. Ауадай, айдай, күндей, жұлдыздай, өзендей, көлдей керек Абай.

Сондықтан да Абай мерейі — халық мерейі боп, Абай биіктеген сайын қазақ та биіктей береді. Сол биіктен көз жазбау қалам ұстағандардың парызы да қарызы.

Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Мұзафар Әлімбаев өзінің әсерлі сөзін өлеңмен аяқтады:

“Тұған ұл мен туған қызы Шыңғыстауда,
Келердей тұлпар мініп, ту ұстаяға.
Мәрттіктің мағынасын тұа танып,
Тірліктің бұрыстарын дұрыстауга.

Шағады сөздің майын бес жасары,
Он жаста өлең-жырмен достасады,
Кідірмей сөз таласта күйкісі де,
Айтулы ақындармен бастасады...

Ертенге көміл сенген абайлықтар!
Ұққанға Абай артқан талай жүк бар...
Жаз сайын жасарғанмен мынау мекен,
Дариға-ай, туар ма екен Абай, Мұхтар!”

Мұғалімдер: Г.Р.Попова, Манаш Ысқақов, жұмысшы Төлен Тоқтасынов, ақын Мерғали Ибраевтар Абай елінің мерейі, облыс халқының ерлігі туралы өнгімеледі.

Осы тойға Қазаннан арнайы келген татар ақын-жазушылары Ильдар Юзеев, Махмұд Хұсайн, Әбрар Каримул-

лин, Радиф Гатауллин Абай туындыларының татарлар үшін де қымбат қазына, рухани мол ырыс екенін тебірене толғайды. Нұри Арсыланның тамаша аудармасы арқылы Абай жырлары татарша сөйлеп кетті. Абай. Тоқай. Қос алып. Екеуі де елім деп еңіреген ерекше жандар. Келер жылы Тоқайдың туғанына 100 жыл толады. Сол мерейлі мерекеге дайындық қазірдің өзінде барынша қызу жүріп жатыр.

* * *

“Уш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне шәкірт бала барын салды”, — деп бастамаушы ма еді ұлы Мұхтар заңғар эпопеяның алғашқы бетін. Сол замандағы үш күндік жолды қазіргі мотор-тұлпар үш-төрт сағатта-ақ алады. Семейден шыға бере асфальт жолмен алқынған машиналар тізбегі өне-міне дегенше Күшікбай асуына да ілігеді. Содан әрі бәрі-бәрі сонау бала кезден таныс дала. Ауылымыздан мың-мың шақырым алыста жатқан Шыңғыстau атырабы жүргімізде бала жастаң-ақ жатталып, көз алдымызда сурет емес, тірі бейнелер қалып қойған. Есейе келе көп жерлерді көрдік, көп қалаларды араладық, бірақ есте бәрі-бәрі қала бермейді. Ал көрмеген, журмеген Шыңғыстau өңірі көкіректе әлі сайрап тұр.

Бұл — Мұхтар құдіреті.

Атақты Ералы жазығы, Абай мен Мұхтар дүниеге келген Қасқабұлақ алқабы.

Ұзын жолда аттап өтуге келіспейтін бір бекет бар. Мына асығыс заманда жұмысың қанша тығыз болса да, Еңлік —Кебек ескерткішіне тоқтамай өтсөң махабbat киесі атқандай болады. Ақ мрамордан өрілген махабbat мұнарасы алыстан-ақ арбап, өзіне магниттей ынтықтыра тартады. Әлдекалай жаураған жүрек болса, осы ғашықтар мұнарасының ыстық лебінен жылдынғандай сезінеді. Бұл жерге тоқтап, тағзым етпеу — күнә.

“Махаббатсыз — дүние бос,
Хайуанға оны қосындар”

(Абай).

Абайлықтар қаладан келе жатқан құрметті қонақтарын осы арада қарсы алады. Қызыл-жасыл киінген көркем қыздар осы тұста десте гүлмен қоса қымызын да ұсынады. Бұл — абайлықтар дәстүрі, ата дәстүрінің жаңа дәстүрмен жалғасқан шағы.

Одан әрі көп кешікпей Орда-тау көрініс береді. Кіші Орданың бауырында Әйгерім бұлағы сұрғылт тастар арасынан жап-жасыл зұміреттей сыйылыш қана шығады. Есіңізге түсіріңіз Абай мен Әйгерім алғашқы рет осы бұлақ жағасында кездескен. Ол кезде кәдімгідей асып-тасып ағар еді. Жағасы толған ну-тогай болар еді, экология деген, жай қарапайым қазақ тілінде тірі табиғат қой. Сол экология да бір мезгіл еркелеткенді, мәндай сипап мейір салуды тілеп тұратын шығар: қазіргі бұлақ тартылған сыңайлы. Сонда да әрін бермей жасыл дүние жалт етеді.

Еңлік — Кебек басындағы ескерткіштей болмаса да, дәл осы Әйгерім бұлағы басына бір белгі керек. Күтім жетсе, сұы да иіп, жағасында жасыл тогай жайқалар. Тогай мен су егіз. Бірінсіз бірі болмайды.

Көз ұшындағы терістікте — Ақшоқы. Онда Құнанбай, Әбдірахман жатыр... Содан батыс жағын ала Шұнай тауы қақшияды. Онда Оразбайдың мolasы жатыр. Оны біз ақын Несіпбек Айтотовтың өлеңімен суреттегенді жөн көрдік:

“Құлазитын секілді Шұнай тауы,
Ескі қыстай көргенді мұнайтады.
Өшкен ошак, өлген үй, тозған мұржа
Сұрағанға сыйзықтап сыр айтады.
Білеленіп бұлқыса қан тамыры,
Оразбайдың мұнда өтті барша күні.
Аң шықпаса басына жан шығармас,
Шұнай еді меншікті Хантәңірі.

Заман аз ба бас қатып, ми қайнаған,
Байлық қуса кеңге де сыймайды адам.

Абай жазып жатқанда, Оразбай бұл
Жылқы ізімен дағаны шимайлаған.

Өмір аз ба өтеуі өтелмеген,
Надандықтың қоржынын көтермеген.
Абай өнер күғанда,
Оразбай бұл
Жер түбіне жылқымен жетем деген

Қара адырды алса да қанша үйірмен,
Тірлігінде ісі жоқ жан сүйінген
Оразбайдың қолымен
Дүлейлік бұл,
Данаалықтың басына қамшы үйірген.

Күні бітті, күніреніп өтті бәрі,
Белбеуіне түйіліп беттің ары.
Шұнай тауы баяғы бәз қалпында,
Келгенге де кеткенге жоқ күмәні.

Көк алалы көп жылқы көшкен бұлттай
Оразбайды қоймады ма бос қаңғыртпай.
Құлпы тасқа жазулы қысқа ғұмыр,
Сыры көше бастапты өшкен жүрттай.

Көп келмейді бұл маңға ел еркелеп,
Таудан төмен ағады жел ентелеп.
Жабығыңқы, тозыңқы сұр бейіт тұр
Жалғыз жылқы түбінде көлеңкелеп”.

Қарауылға баратын күре жолдан кілт бұрылған ас-
фальт жол, солтүстікті бетке алып, Жидебайға жетектейді.
Қарауылдағы салтанаттан бұрын құрметті қонақтар Жи-
дебайға барып, Абайға сәлемдесер. Алыптың асыл сүйегін
көтеріп жатқан жер осы. Қара бесік. Айналасы — Оспан
мен Еркежан, Зере... Сәл оқшауда жаңа бейіт көрінеді.
Ол күні кеше арамызда қара нардай қасқайып жүрген
Ахат аға Құдайбердиев. Абайдың Құдайберді ағасының

немересі. Ал Ахатпен қатар жатқан мола тым аппақ, ақ силикат кірпішпен қоршалып, жер бауырлап қана жатыр. Асқақтамайды. Қарауылдың ар жақ-бер жағынан кейінгі кездерде пайда болған зау-зау биік молалар шіреніп-ақ тұрады. Ал мынау секітей ғана жер алып, тым-тым кішірейіп жатыр. Сонда да жүрттың бәрі оны біледі, ұмытпайды. Ұмыта алмайтыны не құдірет... Аппақ...

Енді бір сағаттан соң Қарауылдағы салтанатты жиналыста Абай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Хафиз Матаев сөйлем, сөзінде нақты ұсыныс-пікір де айтты. Абай мәңгілік жатқан осы Жидебай аймағын мемлекеттік қамқорлыққа алып, қорыққа айналдыру керек-ақ!

Мұнда келіп-кететін қонақтардың алды-арты біз емес. Таяу болашақта Мұхтар Әуезовтің 90 жылдығы, он жылдан кейін Абайдың 150 жылдығы келе жатыр. Дүниенің шартарабынан ұлылар туған жерді көруге талай адам ағылар. Сондықтан Жидебайдың жып-жинақы, мұнтаздай, Абайдың атына сай болып тұрғаны мың да бір ләзім.

Осыдан он жыл бұрын көргенде Абайдың Жидебайдығы мұражайы жұдеу еді. Енді жөнделіпті, ежелгі қалпын өзгертпей, білгірлікпен жаңартыпты. Бұл үшін аудан, облыс басшыларына, әрине, ризалық сезімің оянады.

Аудан орталығы Қарауылда Абайдың 140 жылдығына арналып салтанатты жиналыс өтті.

— Қазақта “уақыт — өмір таразысы” деген ұлағатты сөз бар. Өмір көшінің безбенінде кейбір азамат баласы тарихына өзінің сіңірген еңбегі мен ұлылық қасиеттерімен уақыт өткен сайын оқшауланып, дараланып, іріктеліп, зорайып, тұлғалана беретіні ақиқат. Қазақ халқының өміріне Абай — сондай кесек, ерекше ұлы тұлғалардың бірі.

Мұны айтушы Хафиз Матаев. Ол Абай поэзиясы күнін дәстүрге айналдырып, жыл сайын атап өтуге мүмкіндік жасап отырған Қазақстан Компартиясы Орталық Коми-

тестіне, Қазақстан Жазушылар одағына ел атынан шын ықыласты алғыс айтты.

Абай ауданы — республика көлемінде жылма-жылabyройға ие болған, табысы мол, сіңбесі срек аудандардың бірі. Дәулет жағынан озық атанып жүрген аудандар аз емес те шығар. Бірақ солардың көпшілігінің басшылары мәселенің материалдық жағына көбірек көніл бөледі де, мәдениет жағына уақыты да жете бермейтін болу керек. Басшылықтың қолында екі тізгін бар. Тен ұстамаса сыңаржақтау кететіні де болады.

Біз көрген Абай ауданында осы тізгін тепе-тен түсетін сияқты. Оны мына салтанатты жиналыстан соң берілген “Қаламқас” ансамблінің концертінен-ақ байқауға болады. Абай ауданының мектептерінде әрбір оқушы бірінші кластан оныншы класқа дейін Абайдың 100 өлеңін жаттап, соның мән-мағынасын діттеп білуді міндеп-сертке айналдырыған. Абайды жаттап қана қоймай, оны жан-тәнімен түсінген адам жаманшылыққа өсте бармас, адалдық жібін аттамас. Тәрбиенің ұлысы осы болар.

Салтанатты жиналыста ақын-жазушылар Тұманбай Молдағалиев, Мұзафар Әлімбаев, Бексұлтан Нұржекеев, Махмұт Хұсайынов, Несілбек Айтов, Тұрсын Жұртбаев, Сәтімжан Санбаев, ғалым Мекемтас Мырзахметов сез сөйлеп, өлеңдерін оқыды.

Бұдан соң Қарауылтебе бауырында Абай ауыллының “алтыбақаны” басталды. Абайдың 140 жылдығымен түспатыс келген шопандар тойына арналып тігілген ақ шаңқан киіз үйлер. Жағалай тігілген үйлердің төр алаңында — саҳна. Абай ауыллының жігіттері мен қыздары осы саҳнада Абайды, Біржанды, Кекбайды, Әбдірахманды, Майбасардың Мұхаметжанын, Әйгерімді, тіпті Қиясбайды да тірілтті. Жыр-думан түн ортасы ауғанша тыйылмастан Абай аспанының астын ән мен күйге бөледі.

Қазіргі кезде республика көлемінде есімдері белгілі болған әсем әншілер Жәнібек Кәрменов пен Баян Сағым-

баева — осы ауылдың тұлектері. Бүгін мына саҳнаға олар да көтеріліп, ән-жыр мерекесінің мерейін өсіріп жіберді.

Ертеңіне — ат жарыс, жорға жарыс, құрес, қыз қуу, тенге ілу, аударыспақ... Озат шопандар парады. Бәрі де көңілге жылы, кейін-кейін сағындырар көріністер. Бас бәйгені алыш, үстіне қалы кілем жабылған “Балагер” атты хас жүйрікке дейін үздіктіріп, ансарына айналар бір заман...

Семейде, Қарауылда өткен салтанатты жиналыстардан халықтың арасындағы әңгімеден түйгеніміз:

— Абайдың ұлан-ғайыр ұлылығын басқа халықтар да шын біліп-тануы үшін оның інжу-маржандары орыс тілінде де інжу-маржан болып шығуы керек. Абайдың қазіргі орысша аудармасы Абайды басқа халықтарға бар тұлғасымен, бар ұлылығымен таныта алмайды.

— Абайды алдымен өзіміз мейілінше жақсылап танып алайық. Ол үшін Қазақ ССР Ғылым академиясы Әдебиет және өнер институты Абайтану бөлімін қайта ашу керек. Осы академияның тіл білімі институтымен бірлесіп Абай шығармаларының ғылыми жетілген текстологиясын бір ізге түсіруі керек.

— Абай өлеңдерін бала тілі шыққаннан бастап, яғни балалар бақшасынан, бірінші кластан бастап сәбілер сана сына сіңіре беру керек. Бұл ретте республика Оку министрлігі, Ғылыми педагогика институты, баспалар, мерзімді баспасөз, радио, телевизия пәрменді қызмет атқара алар еді.

— Енді он жылдан кейін Абайдың 150 жылдығы. Он жыл деген атқан оқтай зу етіп өте шығады. Таяп қалғандаған “ал-ал!” деместен дайындықты осы кезден бастау ләзім, Жидебайды мемлекеттік қорыққа айналдыру, Абай есіміне байланысты мекендерді ескере жүру де — абыройлы іс болмақ.

1985 жыл